

1 2006
8100k

Мүсілім БАЗАРБАЕВ

ЗАМАНА
ТУДЫРҒАН
ӘДЕБИЕТ





Л 2006 / 8100к

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ – ҒЫЛЫМ АКАДЕМИЯСЫ

М. О. ӘУЕЗОВ АТЫНДАҒЫ
ӘДЕБИЕТ ЖӘНЕ ӨНЕР ИНСТИТУТЫ

Мүсілім БАЗАРБАЕВ

ЗАМАНА ТУДЫРҒАН ӘДЕБИЕТ

(Таңдамалы ғылыми зерттеулері)



АЛМАТЫ
«ҒЫЛЫМ»
1997

Жауапты редакторы
филология ғылымының докторы
Ә. НАРЫМБЕТОВ



Базарбаев М. Замаңа тудырған әдебиет. Алматы: Ғылым, 1997. 504 б.


Көрнекті ғалым, қоғам қайраткері, филология ғылымының докторы, профессор Мүсілім Базарбаевтың таңдамалы ғылыми еңбектері жинағына оның әр жылдарда жазған зерттеулері еніп отыр. Бұл зерттеулердің көбісін автор көзі тірісінде қазіргі тұрғыдан өзі қарап шыққан.

Кітапта қазақ әдебиетінің даму кезеңдері, көркем шығарма тілі жайында, М. Жұмабаев, Ә. Бөкейханов, Ш. Құдайбердиев, М. Әуезов, Жамбыл Жабаев, С. Мұқанов, Ғ. Мүсірепов, А. Тоқмағамбетов, Х. Есенжанов, Ж. Молдағалиев, С. Шаймерденов т. б. туралы зерттеулері бар.

Кітап жоғары оқу орындарының студенттеріне, аспиранттарға, мектеп оқушыларына, сондай-ақ әдебиетті сүйетін көпшілікке арналған.

ISBN—5—628—01957—7

© Базарбаев М., 1997



АВТОРДАН

Қазақ әдебиетін зерттеу, талдау, оқыту ісі жаңа міндеттер алдында тұр. 70 жыл бойы басқаша айтылып, басқаша уағыздалып келген әдебиет енді өз табиғатына лайық өмір сүріп, оның ерекшеліктері мен көркемдік, эстетикалық байлықтары терең ескеріліп, жаңаша зерттелуі қажет. Мұның өткендегі әдеби мұраға да, кешегі кеңес әдебиеті делініп келген, бірыңғай саясатқа телінген әдебиетке де қатысы бар.

Өткен ғасырлар әдебиетін, фольклор шығармаларын идеологиялық қосындылардан аршып алу біршама жеңіл болса, кеңес дәуіріндегі әдебиетті талдап айту едәуір қиынға түседі. Себебі ежелгі әдебиеттің өз нұсқасы қанша дегенмен, сақталған. Ал, кеңес әдебиеті туа таптық ұран ұстаған, партиялық, коммунистік идеологияға сүйеніп өрбіген әдебиет болған соң, оның аты да, заты да мүлде басқаша қалыптасты. Бүкіл дүниежүзі әдебиетіне, әдеби тәжірибеге өзін қарсы қойып, жаңа заман адамдарының әдебиеті деп жариялады. Біркелкілік, ұқсастық, көркем ойдың сүрендігі, айқай, ұранның басымдығы осыдан келіп шықты. Ойдан табылған социалистік реализм деп аталған көркемдік әдіс барлық халықтар әдебиетін бір қалыпқа салды. Осындай жағдайда әрбір өнер адамының ойлау, жазу еркіндігі жойылды, нағыз таланттарға тұсау салынды. Кешегі замандағы орасан нөпір, дәмсіз-татусыз, қауқары жоқ туындылар соның салдары.

Солайы солай. Бірақ бір ғасырға жуық уақытты қамтыған әдебиетке бүгін қалай қарауымыз керек? Біздіңше, оның бір-ақ жолы бар: барлығын да сын көзімен қарап, талдап, жақсысын жақсы, жарамсызын жарамсыз деу. Ең алдымен ол дәуірге жиіркене қарамау керек. Қаншама халық жаңа өмір деп белгілі бір мақсатқа ұмтылған заманда, әдебиетте соған лайық, сол адамдардың ойына, мінез-құлқына лайық шығармалар туға-

ны анық. Оның кейбіреулері рухани табыс, қол жеткен шығармалық биік болып қалды. Суреткердің де, оқырманның да ой-арманы бір болып тұрған кезеңде соған жауап беретін, сол жайды аңғартатын әдебиет жасалды. Сондықтан дәуір туғызған қалып үшін көркем сөз адамын кінәлау мүмкін емес. Тек сол кездің көркемдік туындыларын ыждаһатпен зерттеп, тиісті бағасын беру қажет.

Ондай баға беру әдебиет тарихын түгелдей қайта жазу жолымен іске асуы мүмкін. Бірақ ол да бүкіл мәселені толық қамти алмас еді. Себебі сол заман тудырған көркем сөздің қалтарыс-бұлтарыстары аз емес. Талант жайы да әртүрлі екені белгілі. Сондықтан ол кез тудырған дүниелерді тақырыбына, жанрына, қаламгердің сыр-сипатына қарай әртүрлі, әрқилы жолдармен зерттеу шарт. Заман шарты қаншама қатаң болғанымен, кейбір таланттар өзіндік өзгешелігін, көркемдік танымын жоғалтпағаны белгілі.

Ондай зерттеулерде кейде әдебиеттің жалпы сипаты, теориялық, эстетикалық жайларды, кейде жеке қаламгер таланты сөз болуы мүмкін. Көптеген осы тәріздес зерттеу, талдаулар негізінде кешегі әдебиет туралы бірегей еңбек шығаруға болар. Қазіргі міндетіміз үлкен дәуір тудырған өнер мәселелерін реті, ыңғайына қарай біртіндеп шеше беру. Түбінде мұның бәрі қосылып, салалы, салмақты қорытындылар жасауға, тұтас әдебиет тарихын жазуға себін тигізері сөзсіз.

Осы ұсынылып отырған еңбекте өткен уақыт әдебиетінің бір бөлігі алынып, ол дәуірге қандай көзқарас болу керек деген мәселе қаралды. Большевиктік идеологияның, социалистік идеяның қалай, қандай жағдайда өріс алып, бекігені, онан қандай нәтижелер туғаны сөз болады. Әдебиеттің шынайы жайын түсінгендер қандай жол ұстады, ал, жаңа, партиялық бағыттағы жазушылар не жазып, нені уағыздады деген сұраққа жауап қарастырылады. Әсіресе, поэзия хал-жайын мол барлап, терең мен тайызын көрсету көзделді. Екі түрлі бағыттағы топтың маңдай алды деген көркем сөз, ұстаздарының шығармалық өнерін талдап, кешегі әдебиеттің, поэзияның оңы мен солы қайсы деген жайды ескеріп, біраз қанық суретін беру ойда болды.



ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІНІҢ АЛҒАШҚЫ КЕЗЕҢІ

ЖАҢАША БАЖАЙЛАУ

Қазақ әдебиетінің тарихын қайта қарап, жаңадан жазатын кез келді. Бұған себептер көп, ол түсінікті де. Ең алдымен әдебиет тарихынан көптеген есімдердің, әсіресе көрнекті, белгілі, уақытында бүкіл қауымға мәшһүр болған тұлғалардың шығып қалуын, кейбір шығармалардың аты да аталмауын, тіпті ұшты-күйді жоқ болып кеткенін айтқан жөн. Мұның бәрін орнына келтіру қажет. Екінші себеп — аты аталған, шығармалары талданған қаламгерлерге ол кезде берілген бағаның кейкейде көпе-көріне қате, әділ емес, оғаш екендігі. Бұл жайда я асыра мақтау, көзжұмбайға-салынуға, я болмаса әдейі шүбә, күмән келтіру, тіпті теріс баға беруге орын берілгендігі ескерілуі тиіс. Әдебиеттің идеология шылауында болуы, бүкіл өсіп-өну, көркею мәселелерінің бәрі осы көзқараспен өлшенуі, тәжірибенің де, теорияның да бірден-бір партиялық саясатқа бағынуы, көркем әдебиетті өзінің табиғи даму заңынан айырып, оны мемлекеттік халық шаруашылығы міндеттерінің бірі ретінде қарау, айналып келгенде, көркем сөзді жүдеткен, оны ежелгі жаратылысынан айырған фактор болды. ХХ ғасыр әдебиетін, яғни қазіргі заман әдебиетін зерттегенде бұл аса есте болатын жай. Тарихты қайта қарап, жаңаша жазу керектігінің өзі осыдан. Коммунистік идеология шытырманынан аршып алып, өткен жолдың дұрыс-бұрыс келбетін әділ ашып көрсету айтарлықтай абыройлы іс. Сол идеологияның көркемөнерге арналған кезі — социалистік реализм жарты ғасырдан артық уақыт (мәселен, 1934—1985 жылдар деуге болады) әдебиет пен мәдениетті бұлтартпай ұстап, бір жолмен айдап келді. Бұл жай да тарихтан өз бағасын алуы тиіс.

1960—1967 жылдары Әдебиет және өнер институты алты томдық әдебиет тарихын жазып жарыққа шығарған. Соның соңғы екі томы кеңес дәуіріне арналған-ды. Ол кезінде аса мәнді іс болған. Әсіресе, 1957 жылы С. Сейфуллин, І. Жансүгіров, Б. Майлин ақталғаннан кейін аса бір құштарлықпен тез жазылып, тез баспа жүзін көрген тарих еді. Материалды қамтуы да, қарпуы да жеткен игі іс. Әрине, партиялық идеология билеп-төстеп тұрған заманда, онан артыққа баруға болмады: көп есімдер, шығармалар ол тарихтан тыс қалды. Бірақ алдағы уақытта толығыры мегзелген-ді.

Енді сол әдебиет тарихы жаңадан жазылу үстінде. Мұнда ол томдардағы жай қайталанбақ емес. Сол томдарға енбей қалған орасан бай материалды иелене отырып, қатар тарих жасау, қатар баян ету. Егерде, ілгергі уақытта, қазіргі заман әдебиетін бірыңғай жазып шығу керек болса, осы екі тарихи кітапты — бұрын жазылғаны мен қазіргісін қосып жіберуге болар еді — әңгіме 20—30-жылдар жайында. Әдебиет институты осы алған бағытты ілгері созбақ — 40—50 және 60-жылдар әдебиетін қайта зерттеу ісі біткен, онан кейінгі тарих осы күнге, яғни 90-жылдарға дейін келмек. Айтылған дәуірдің 1917-ден 1967 жылға дейінгі кезені, жоғарыда ескертілгендей, екі том болып 60-жылдары басылған. 20—30-жылдар әдебиеті мен 40—50 және 60-жылдар әдебиетін сол бұрын шыққан екі томмен жалғастырса, бірін-бірі жоймайтын, қайта толықтыратын бүтін тарих болып шығады. Әрине, мұны біз шартты түрде айтып отырмыз. Әр кезеңде жазылған тарихи еңбек бірін-бірі қайталамайды, ол да, бұл да керек екені белгілі.

Жалпы қазақ әдебиетінің тарихын жазу жоғарыда аталған алты томдыққа дейін ылғи сәтсіз болып келген-ді. Азаматтық тарих сияқты бұл да сан жазылып, сан рет үзілген. 1948 жылы М. Әуезовтің басқаруымен шыққан «Қазақ әдебиетінің тарихы. 1-т. Фольклор» деген кітап жарық көрісімен-ақ сәтсіздікке ұшырайды: қате деп табылып, жабылып тасталды. 1949 жылы Қ. Жұмалиевтың басқаруымен шыққан «Қазақ совет әдебиеті тарихының очеркі» деген кітаптың да ғұмыры ұзақ болмады. 1958 жылы Алматыда, 1960 жылы Мәскеуде орысша, қазақша шыққан «Қазақ совет әдебиеті тарихының очеркі» деген кітаптар біршама, толық, ауқымды еді. Негізінде кеңес дәуіріндегі әдебиет тарихының ең толық түрі жо-

ғарыда айтылған алты томдықтың соңғы екі томы (1967 ж.):

XX ғасырдың бірінші жартысындағы әдебиет қиянаттан арылып, тұлғалы есімдермен толыққан сәтте, жаңа тарих жасау аса қажет. Мүмкіндігінше бұрынғыны қайталамай, неғұрлым жаңа материалдарды, фактілерді қамти түсу керек. Зерттеу барысында, әрине, сол кездегі саяси науқан, қоғамдық жағдай тудырған жайттар мен фактылар ескерілу тиіс. Сонымен бірге, қазіргі — тоқсаныншы жылдар ұғымы, осы күнгі көзқарас сонау жылдар әдебиетін тексергенде өз орнын алмай қоймайды. Шындап келгенде ұғым-түсінік жүз сексен градусқа өзгеріп тұр емес пе? Демек, өткен тарихтың бел-белестерін осы әділет көзқараспен таразылай қарап, парсаңынан арылту парыз.

Кеңес дәуіріндегі қазақ әдебиетінің алғашқы кезеңі қандай, негізінен алғанда нендей ерекшелігімен көзге түседі? Бұл сұраққа берілер жауап, жалпы алғанда, көпшілік қауымға айқын болуға тиіс. Ол дәуір әдебиетінің тақырыбы да, алға қойған мақсаты да белгілі.

Қазан төңкерісінен кейінгі жай анық, алдымыз шуақ, болашаққа жол даңғыл көрінгенімен, бұл кезең бір орасан жаңылыстың, жаңа басталған ғажайып қалың тұманның басы еді. Бостандықты, теңдікті жырлау дұрыс, керек те. Бірақ әңгіме теңдікте, төңкеріс толқынында ғана емес, сонан басқа ештеңені көрмей, өзгенің бәрін мансұқ етуде. Айналып келгенде, бұл бостандығы жоқ теңдік болып шықты. Оны аңғаратындай, байыптап қарайтындай хал болмады. Бүкіл қоғам жаңа құрылыс қамымен қалай аласұрса, әдебиет пен өнерде тап сондай қымқиғаш аласапыранда болды. Адам баласының ғасырлар бойғы рухани жиған-тергені тәрік етіліп, жаңа үлгі, жаңа нұсқа орнату шарт болып қойылды. Орыс әдебиетінде Достоевский мен Толстойды, Пушкинді болашақ кемесінен лақтырып тастау керек деп айқай салса, ұлттар мәдениеті де сол рухта үн көтерді. Таптық, революциялық, пролетарлық әдебиет, кейінірек партиялық, идеологиялық, социалистік әдебиет бірден-бір шынайы әдебиет ретінде уағыздалды. Бұрынғы әдебиетке «байлар дәуірінің әдебиеті» деген атақ тағылды да, өмірден аластатылды.

20-жылдар әдебиетін қысқаша шолып қарасақ, жаңа әдебиеттің өсу жолдары жайындағы пікірлерді (С. Са-

дуақасов, Ғ. Тоқжанов, А. Байтұрсынов, Ж. Аймауытов, С. Сейфуллин, С. Мұқанов, К. Кемеңгеров және басқаларының толғамдары), әрі ол ой-пікірлердің әрқилы екендігін, ал орыс әдебиетін алсақ, В. И. Лениннің «Пролеткульт» туралы айтқандарын, комсомолдың ІІІ съезіндегі сөзін, ЛЕФ, ОПОЯЗ, «Перевал», «Кузница», ВОАПП, ҚазАПП сияқты ұйымдар, ағымдар болғанын еске аламыз. Олардың әдебиет жайындағы көзқарастарының ала-құлалығы, тапшыл қағидалары, әдебиет болжамнан, ұшқыр қиялдан айрылып, тек фактыға құрылсын деген сияқты тұжырымдары бірден көзге түседі, әдебиеттен саясат іздеу, ұлтшылдық іздеу, өзгенің пікірін жоққа шығару, тек пролетарлық ұран ғана үстемдік құрсын деп жар салу сияқты ұйытқыған, аласапыран ойтүйіндер етек алды. Сонымен қатар, апынып-күпінбей, таразы оймен айтылған пікірлер де болды. Мәселен, Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулатов, Жүсіпбек Аймауытов, Мағжан Жұмабаев пікірлері. Олар әдебиеттің илеуге көне қоймайтын жайын аңғартты. Қазан төңкерісіне қазақ қауымы Орталық Ресейден гөрі өз жолымен келгенін, таптық жіктің ондағыдай ара ашық емес екенін айтқанды. Бірақ оған құлақ асқан жан болмады. Қайта кінә тағылды. Мағжанның «Жолдасқа» деген өлеңінен жаңа дүбірге наразылық айтылғанын көреміз.

Ай, ай, жолдас жас жігіт,
Қику салып лепірген,
Кетті ме әлде жын соғып,
Аузың мұнша көпірген?
Тапсыз бүтін бір елмін,
Тәңірге жалғыз ұсармын.
Көбікті күміс бір елмін,
Сасықты сендей басармын.

Әрине, қазақ қауымында тап болды ма, жоқ па дегенге «болды» деп жауап берілген. Бай да, кедей де, қанаушы да, қаналушы да болды. Оған таласар ешкім жоқ. Тек ол жайды капиталистік даму жолын бастан кешірген Ресей жайымен бірдей деп қарауға болмайтын еді. Қазақ кедейі пролетариат емес екені белгілі ғой. Қауымдық, тектік жігі әлі ажырап болмаған феодалдық күйдегі ел. Бесігінен-ақ «тап» деп інгәләйтын жайға әлі жетпегенді. Бірақ белсенділік белден басты да, тап жалауы биікке көтерілді. Оның аяғы неге әкеліп соққаны белгілі. Қәмпеске мен коллективтендіру жыл-

дары қазақ халқы үшін нағыз трагедия жылдары. Ал өлең мен жырда қызыл ұран, қызыл жалау желбіреп тұрды.

Ұлы Октябрь бізсіз өтіп,
Сізге ұятты ек «сыйсыз» кетіп.
Он бір жылды бердік міне
«Кіші Октябрь» шыж-мыж етіп.

Бұл Сәбит Дөнентаевтың айтқаны, Әбділда Тәжібаевтың «Сорлайды екенбіз», «Айдалған бай» өлеңдері, С. Мұқановтың, И. Байзақовтың, Қ. Айнабековтың тағы басқалардың да осы сипаттас жазғандары мәлім.

Дүниеде бар өлең,
Мен білетін дәл өлең
Екі тапқа бөлінед:
Бірі байдың мұңымен
Бір еңбекші жырымен
Екі түрде көрінед, —

деп түйеді Иса Байзақов. Басқалар да жаңа өмірді осылай түсініп, осылай жырға қосты. Бар күш-пәрменімен қазақ ақындары бұрын езілген, жаншылған халқының мұқтажын, мүддесін жоқтады. Себебі тап мүддесі, тап жайы деген қасиетті ұғымдар сол тұстарда Ресей мен қазақ жерінің өне бойын түгел жайлаған-ды, бүкіл өмір-тіршілік тек осы тұрғыдан қаралып, осы тұрғыдан шешілетін. Мәселен, бұл дәуірдің дауылпазы Сәкен Сейфуллин өз басы бұған құдайдай сенді. Басқа мүдде, басқа мақсат болады деген ой онда болған емес. Адам қоғамында шешілмеген мәселе болса, ол қанаушы мен каналушы таптың ара қатынасы деп ұғылды. Дұрысында да солай. Социалистік революцияның ең артықшылығы да осында. Ал барлық жұртты тең ету, материалдық байлық, өмір-тұрмыс жағынан бара-бар ету, құлдықтан құтқару, біреудің еңбегін біреуге жегізбеу деген мақсаттан артық не бар. Осы үміт, осы арман жан біткеннің тұла бойын тұтас билеп алды да, революция орнаған соң, мыйда бір-ақ ой, ауызда бір-ақ сөз жүрді, ол — «жасасын революция», «тап теңдігі», «бостандық», Сәкен, Сәбит сияқты ақындар осы ұлы өзгерістердің жаршысы, ұрангері. Өзі әуелден кәміл сенген, ісімен де, сөзімен де осыған қызмет еткен, Қазан төңкерісінен кейін тап жалауын биік ұстаған күрескерлер. Сәкеннің, Сәбиттің артықшылығы да, қайраткерлігі де осында. Ал егер ақындық өнері асып төгі-

ліп жатқан көреген күрескердің жалпы адамзаттық, жалпы дүниелік тақырыпқа баруы, оны игеруі қалай десек, мысалы Сәкен Сейфуллин бұл жағынан айтарын түгел айта алмай кеткен талант. Жалынды поэзияны, жанған отты өктемдік құрған қоғам үзіп сөндірген болса, қандай мол өнер қазынасына килігер едік. Революциялық жігермен, сана, парасатпен суарылған, эпикалық құлашты, лирикалық нәзік поэзия онан әрі ұлғайып, таптық қораш аяны әрі итеріп, бүкіл адамзат көшіне кең, кемел ілескен болар ма едік? Жүсіпбек Аймауытов, Міржақып Дулатов, Мағжан Жұмабаев, Ілияс Жансүгіров, Бейімбет Майлин, Сәкен Сейфуллиннің шығармашылық машығынан қаншама дүние тыс қалды. Бүкіл адамбаласындық, ұғым-ойға таптық мақсат сыяды да, ал тек тап деген түсінікке бүкіл дүниелік тәжірибе, парық сыя бермейді. Бірақ бұл ұғымнан шет тұрдық, шүү дегеннен дүниені тек солай ғана түсініп, соған бас ұрғанбыз. Әуелде бір адам еңбегін бір адам қанамасын деп дұрыс басталған таптық уағыз, кейін ұлы мақсат жүзеге асқаннан кейін, еңбекші тап өз билігін өз қолына алғаннан соң, қоғам ойы құлашын кеңге жазып, алысқа сермеуі керек еді, бүкіл дүниелік ағымға қарайлау, соған ілесу лайық еді. В. И. Лениннің бұл жайында кезінде, қым-қиғаш тап тартысы тұсында, барлық іс, рухани өсу, даму таппен шектеліп қалмайды, социалистік революцияның арғы арманы бүкіл адамзат қол жеткізген рухани байлықпен суарылу, жан азығынан қуат алу және соған үлес қосу деген-ді. Бірақ, революция орнап, азамат соғысы аяқталып, бейбіт дәуір басталғаннан кейін де біздің аузымыздан тап сөзі кетпеді. Ақылға салсақ, ерік алған қоғам демін еркін алуына болады. Дегенмен, барған сайын тыныс тарылып, тұншыға бердік. Сол тұншығудан, айдаудан, атудан бір есеп бойынша 40 млн., бір есеп бойынша 50 млн. адам зәбір көрді. Өзімізге өзіміз іс тауып, арамыздан жау тауып, бүліншілікке ұшырап жаттық. Зеңбірек оғынсыз, барабан үнінсіз, сырт қарағанда «тып-тыныш» қалыпта қантөгіс өмір кештік. Өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығында қуғын-сүргін өз алдына — жаңа қоғам орнату жолындағы қатаң науқан еді. Саясат та солай. Ал, әдебиет пен мәдениеттегі науқан не? Ауызды тұмшалай жаптырған сүргін не? Соғыс алдындағы ширек ғасыр бойы «тап, тап» деп келген екенбіз. Ойдан, қолдан шиеленістірген сол тап күресінің

нәтижесі — нахақтан кеткен құрбандар. Бейбіт замандағы ғаламат құрбандық. 1932 жылғы аштықта қырылған екі жарым млн. қазақ та сол тап күресінің құрбаны. Осындай жаппай қуғын кезінде әдебиет те, мәдениет те бір беткей, бір сүрең есті. Саясатқа әбден жегілді, телінді. Дүниежүзілік мағынадағы көркем ұғым, бүкіл адамбаласындық түсінік өз жайына қалды. Ал шындығына келгенде, саясатпен әдебиет жасауға болмайтынын, саясатпен әдебиетті тек құртуға ғана болатынын біз білмедік. Білмедік те, білгізбеді де. Оны былай қоялық: тіпті қазақ халқының өз басына тән рухани сезім байлығы аяққа басылды, алыстан танып, тереңнен аңғарар таланты бәсеңдеді, тапсырма тақырыптың ауқымында жүрді. Сонан да ол кездегі сөз төркіні: «бәрін айта та, бірін айт, коллективтің жырын айт», «тыр-тыр трактор, бенттерін бұрап тұр», «Шоқпыттың шаруасы», «Бесікте «іңгә» орнына уілдеп, «тап» деп жатқам», «Колхозды ауыл осындай», «Кел, Мырқымбай», деген сияқты болып келетін. Өктемдік, күш, бұйрық, зорлық-зомбылық заманында поэзия жабық шыныдағы көбелектей қаңғалақ өмір сүрді.

Қазан төңкерісі әкелген жеңіс теория жүзінде қымбат теңдік кімге де болса, асыл арман екенін мойындау қажет. Оны қастерлеп жырлау Сәкен, Сәбит сияқты ақындардың қолынан келді.

Қазіргі ойлап, толғанатынымыз сол замандарда жаңа түзеле бастаған әдебиеттің өрісі мен өресі. Алғашында шын жүректен, Октябрьге деген ақ көңілден жарқылдай туған әдебиет, бірте-бірте тап тартысының қалыбына түсіп, жасқаншақ бола бастағаны, сонан барып, жарамсақтыққа ұрынғаны. Айдың-күннің аманында, барған сайын тап күресі шиеленісе түседі деген науқан басталғанда, әдебиет ашықтан-ашық бас шұлғыған қошемет сөзге айналды. Бірде аты айтылып, бірде аты айтылмай, әйтеуір бір биіктегі, әрідегі қолжетпес басшы жаққа қарайлап, алланың сөзі де рас, өзі де рас дегендей, жаппай құлдық ұру етек алды. 20-шы жылдары, тағы да қайталап айтамыз, азат болған елдің азаттықты жырлаған әдебиеті ақыр соңында, тап деген бір ғана тақ-тұқ ұғым аумағынан аса алмай, қасаң сөзді сағыздай езген, дәмтатусыз қауқайған поэзия шыға келді. «Ақ аю», «Мұз тұтқыны», «Уборщица», «Құтқару», «Күзетте» сияқты бер жағы ерлік туралы да, ар жағы «құдай» көсемге ба-

ғышталған құлаш-құлаш поэмалар қаптады. Мұны, әрине, қате болды деу жарамас, бірақ індет еді, жаппай кемшілік болатын, заман ағымы, солай-ды. Көркемдік ізденістердің, ой шеңбердің тарлығы, тапшылығы. Себебі саясат қолбайлау болып отыр. 30-шы жылдары, яғни, террор салдарынан қоғам алғашқы бөталыстан ауытқыған бұл екінші кезеңде, сескеніп, іштартып қалған қаламгер өмір философиясын, сана мен ақылды, жалпы дүниелік мәселелерді ысырып тастап, күнделікті тұрмыста жоқ, тіпті орайы да келмейтін ішкі жаугершілік деген жалған уағыздың жетегінде кетті. Сөз инфляциясы туды. Осы көбік сөз 1949 жылы Сталиннің 70 жасқа толуына байланысты ұшар деңгейіне дейін көтеріліп, 1953 жылдары ол дүниеден кеткен соң ғана бәсеңсіді. Бұл нәубет, рас барлық әдебиетте де орын алды. Орыс әдебиетінде азырақ, ал ұлт әдебиеттерінде орасан салынды боп, таза суды жібермейтін нөпір, бөгесінге айналды. Бұған себеп — ұлт әдебиеттері ләббай деп тұратын иланғыш, сенгіш еді, жетекке тез жүретін, ал сол әдебиетті жасаушылар, жетпей жатқаннан гөрі, асырып түсірейінші дейтін, аса бір ақ көңіл, елгезек жандар болатын. Орыс әдебиетіндегі Ильф пен Петров, Бабель мен Пильняк, Платонов сияқтылар бізде болған жоқ. Социализм жайында «Чевенгур», «Қотловандай» сатира жазу ердің ерінің-ақ қолынан келер.

Халық басына күн туып, трагедия бірінен соң бірі орнап жатқан заманда, көркем әдебиетте бәрі жақсы, бәрі тамаша болып көрінуі қалай? Халық өміріндегі орасан бір трагедиялық кезең — 1932 жыл әдебиетте сол қалпында, жабулы қазан жабулы күйінде қалды емес пе? 1927—1928 жылдардағы кәмпеске елді аздырып, тоздырса, 1930—1932 жылдардағы колхоздастыру миллиондаған қазақты аштыққа ұшыратты, жаппай қырылды. Бұл трагедиялар көркем әдебиет бармаған, бара алмаған аза күйінде қалды. Сөйте тұра әдебиетте «жасасын» көбейді, «алға», «шапшаң», «тез», «жылдам» деген сөздер поэзия бетін бермей кетті. Бұған себеп не, осы қарабайыр белсенділіктің түбі неде? Ең алдымен, әрине, саясатта, ұстанған, алған бетте, бұлтартпайтын бұйрыққа, салынған тыйым мен өктемдікте. «Қызыл тіл, кісендеулі, қолым емес» деп, Мағжан Жұмабаев бұрынырақ айтса да, біліп айтқан. Не жазып, не қою керек екенін партиялық функционер надандар болжап, айтып отырған соң, не болсын! Ал оған да көнбесең — айдау, асу, ату.

Ол замандарды еске алғанда, Міржақып Дулатов, Жүсіпбек Аймауытов, Ахмет Байтұрсынов, Сәкен Сейфуллин, Сәбит Мұқанов, Ілияс, Бейімбет, Мағжан, Мұхтар Әуезов жайын сөз еткенде, немесе жалпы қазақ әдебиетінің сол кездегі жайын ойлағанда, бұл шындықтар есте тұру қажет. Қоғамдық жағдай мен әдебиеттегі хал, рухани болмысымыз бен барған деңгейіміз, оянған санамыз, немесе «дос құбылтып әуре еткен» (Абай), құрыққа сырық жалғап күнелткен, талай сабаздардың байбалам дау-шары — онан туған қиянкескі қырсық қаншама жанды опат еткені белгілі — осының бәрі, өкініші сол — әдебиетте болды және оны ұмытқан ешкім жоқ. Олай болса, әділет үшін оны ашығынан, толығынан зерттеу, орнына келтіру жөн. Өткенге салауат деп, қоя салатын дүние емес. Онда көп нәрсенің обалына қалар едік.

Сол кездегі ҚазАПП басшыларының бірі Мұстафа Қайыпназаров: «Соңғы кезде басылып шыққан Сәкеннің «Көкшетауы» салт-сана жағынан барып тұрған зиянды кітап. Ақсүйектер дәуірін жырлайды. Қажымұқаннан, Біржан әнінен үлгі ал дейді. Қазіргі Көкшетауда болып жатқан жаңа социалды қатынасты айтпайды», депті. Бұл нағыз революционер, тапшыл деген ақын жайында айтылып тұр-ау! Әдебиетті тізгінмен ұстап, нұсқаумен, бұйрықпен жасаймын деген орталықтан тарап жатқан өктемдікті осындай белсенділер жүзеге асырып отырған. Бұл жағдай күні кешеге дейін созылғанын білеміз. Әлі де құлан таза арылып біткен жоқпыз. Бірақ арылу керек. Оны түсініп, өткен жолдың қиыр-шиырын мойындасақ қана шын тарих жасай аламыз. Тапшыл әдебиет жасаймыз деп жүргенде, аямызды тарылтып, бүкіл дүниелік ұғым-біліктен, эстетикалық танымнан кейін қалдық. Бұл бар совет әдебиетіне тән жай. Бірақ ұлт әдебиетінде кең орын алды. Мәдениет тарихының мұндай күрделі мәселелері ойландырмай қоймайды. Барымызды бар, жоғымызды жоқ демей, өрескел қателіктерді мойынға алмай, ілгері дами алмасақ керек. Ең қиыны, әрине, біз әлі бәрін ұғып, бәрін түсініп біткен жоқпыз. Мұның бәрі зейін қойып зерттеуді керек етеді. Екшеу барысында асықпаған жөн, сонымен бірге жайбарақат шабан қалу да кешірімсіз.

Сәкен мен Мағжан тағдырына көңіл аударалық. Бір ұядан ұшқан екеуі екі түрлі жолмен өсіп бекіп, танылса да, сол жолдары трагедиялық нүктеге келіп қиылыспай

ма? Жұмсартып айтқанда, біреуі әдебиеттің оңы, екіншісі солы сияқты ұғылып келді емес пе? Ал екеуінің де жазықсыз жазаланғанын біле тұрып, олардың сонда айырмашылығы неде, қайда деген сұрақ қоя алмадық. Біреуі ақталып, екіншісі қара күйінде қала беруі жауап тілемейтін түсінікті жай деп ұғылды. Шындығында, тағдыры да, шығармалығы да бір алтын теңгенің екі жағындай бірін-бірі толықтыратын жандар емес пе? Әрине, екеуінің де алып талант екенін бұқара халық білді. Бірақ жетекшілер, көсемсымақтар тек тап мүддесінен, тап саясаты тұрғысынан қарады да, екеуін бірін-біріне қарсы қойып келді. Адалы мен арамды аралас, қарбалас заманда күн кешкенбіз. Қазіргі жұртшылықтың осының бәріне хал-қалдерінше жауап күтіп келгені әбден орынды еді. Совет Одағы Компартиясының күйреуімен сұрақ та, жауап та тынды.

20—30-жылдар әдебиетін зерттейтін еңбекте әрине, бұрын есімдері мүлде аталмай келген қаламгерлер шығармалығын кеңінен талдап, айту бірінші қатарда тұрмақ. Мағжан Жұмабаев шығармалары, өлеңдері, поэмалары, әңгімелері, мақалалары, аудармалары, жеке еңбектері мол қарастырылады. Сонымен бірге, ақын мұрасын жинау ісі қатар жүргізіліп, үш томдығын жарыққа шығару кезекте тұр.

Жүсіпбек Аймауытов мұрасын зерттеу, шығармаларын жинап, бес томдығын даярлау ісі қолға алынған.

Ахмет Байтұрсынов еңбектерін жинап, шығару да белгіленген. Бұл Тіл білімі институтымен бірге атқарылмақ.

Міржақып Дулатов шығармаларын жинау, бастыру ісі институт жоспарында. Бұл жұмыс қазір шұғыл қолға алынған. Көп томдық шама-шарқы айқындалған.

Поэзияның бір үлкен көші Шәкәрім есімімен байланысты. Абаймен жалғас тұрған бұл ірі ақынның шығармашылық өнері әдебиет институтының зерттеу еңбектерінің төрінен орын алады, терең зерттеледі.

Сонымен бірге, әрине, осы еңбектер сол замандарда баспасөз бетінде көп көрініп, көп айтылып жүрген мәдениет, әдебиет қайраткерлерінің шығармалық мәнжайына тоқталу көзделген. Олардың көпшілігі белгілі ақын, әңгіме, фельетон, проза жазған қаламгерлер. Қайсы біреулері көбіне қоғам қайраткерлері болып келеді де, әдебиет, өнер жайында өз пікірлерін білдіреді. Сын-

ға, аудармаға қатысады. Айтыстарға араласады. Өзіндік жазғандары көп емес, әйтсе де олардың әдебиет ағымына тигізген әсері мол. Сондықтан бұлардан қалған мұраны зерттеп, тиісті бағасын беру әбден орынды. Бұл қатарда мынадай есімдер барын ескерген жөн: Бернияз Күлеев, Мұхамеджан Сералин, Мұстафа Қайыпназаров, Мәжит Дәулетбаев, Бекет Өтетілеуов, Өтебай Тұрманжанов, Қошке Кеменгеров, Көлбай Тоғысов, Елжас Бекенов, Тайыр Жомартбаев, Сағыр Камалов, Жиенғали Тілепбергенов, Қалқаман Әбдіқадыров, Самат Нұржанов, Хамза Жүсіпбеков, Ерғали Алдоңғаров, Аманғали Сегізбаев, Нәзір Төреқұлов, Ғаббас Тоғжанов, Смағұл Сәдуақасов, Әбдірахман Айсарин, Әлішер Тоқмағамбетов, Қадыр Тайшықов, Мәнсүр Ғатауллин, Құлмырза Өтепов, Әлібек Қоңыратбаев, Жұмат Шанин, Орынбек Беков, Молдағали Жолдыбаев, Ыдырыс Мұстамбаев, Шаймерден Тоқжігітов, Дүйсенбек Еркімбеков т. б.

Бұл есімдерді әдебиетші деп атағанда, әсіресе, еске алатын жай: олардың қайсыбірінің тарихта осы күнге дейін тек атүсті ғана айтылып келгендігі, ал кейбіреулерін атауға мүлде тыйым салынып келген. Бәрінің де өмір сапары кеңес өкіметінің он-он бес жылы ішінде аяқталған. Көпшілігі айдалған, атылған. Бұлардың еңбектері, көркем шығармалары, сын пікірлері аталған дәуірге арналған зерттеу еңбектерде жанрына, тақырыбына қарай айтылып еске алынады.

Зерттеу еңбек, жоғарыда айтылғандай, негізінде бұрынғы жазылған тарихпен қатарласа жүреді. Себебі ілгеріде жазылған басы ашық дүниелер бұған толық түрде енбейді. Түрлі себептермен бұрын аталмай келген есімдер, олардың шығармалары қамтылмақ. Осы орайда Мағжан Жұмабаев, Жүсіпбек Аймауытов, Міржақып Дулатов, Ахмет Байтұрсынов, Шәкәрім Құдайбердіұлы шығармалары монография ретінде де, шолу бөлімдерде де кең әңгіме болады. Мерзімді баспасөз бен сол кездегі кейбір басылымдардағы материалдар мол ескерілген. Әрине, С. Сейфуллин, І. Жансүгіров, Б. Майлин, М. Әуезов, С. Мұқанов еңбектерінің бұрын көлеңкеде қалып келген жақтары енді ашылып, дұрыс талдау, түсініктер алу қажет деп есептелінеді. Әдебиеттегі айтыстар бұрысы мен дұрысы түгел қамтылып, әділ бағасы берілуі көзделген.

ВКП(б)-ның 1925 жылғы «Партияның көркем әдеби-

ет саласындағы саясаты» және 1932 жылғы «Әдебиет пен көркемөнер ұйымдарын қайта құру» деген қаулыларының ұлт әдебиетінің өсіп, дамуына тигізген әсері, сонымен бірге, әдебиет, мәдениет кадрларын қуғындаудың зардаптары аталып айтылмақ. Бұл 20-жылдардың аяғынан-ақ басталады да 30-жылдарда ортағасырлық инквизиция дәрежесіне дейін жетеді. Әдебиеттің бағыт-бағдары мүлдем өзгереді. А. А. Жданов 1934 жылы жария еткен социалистік реализм ұранының әдебиетті қансөлінен айырып, саясатқа телуі, адамзаттық биік мұратынан қол үздіріп, жадағай идеяға бағындыруы, «халық жауларын» әшкерелеу науқанымен көп қалам қайраткерлерінің опат болуы, шағым, жала, өсек-аянды мемлекеттік көлемде қоздатып, жазықсыз жандарға жала мен кінә тағылып, айдатылуы, құрбан болуы — осының бәрі орасан трагедия еді. Әдебиет, мәдениет, көркемөнер өзінің табиғи жаратылысынан айрылып, үндеу, ұран, жалаң саясатқа көшті де, өш алу майданына айналды. Қазақстан Жазушылар одағында өрістеген айтыс-тартыстар, көпе-көрне біреуге жала жабу, бірді-біріне айдап салу, ақты кара деп бәле іздеу науқанына айналуы әдебиеттің жайы мен күйінің жүдеуі — бұл жағдай зерттеу еңбектің басты назар аударар жайы.

20-жылдардың аяғына қарай өткен кәмпескелеу, коллективтендіру, осыған байланысты туған жаппай ашаршылық әдебиетте көрініс таппады. 30-жылдардың басы колхоздастыру айқай ұранмен өтсе, аяғы жаппай қуғын, репрессияға ұласты. Ұлт мәдениеті кадрларының қаймағы түгелдейге жуық сыпырылып тасталды. Жеке адамға табыну жылдарының бұл қаралы жайы, айналып келгенде, елде социализм орнату ісінің орасан бұрмалану салдарынан еді. Осындай қоғамдық мүшкіл халдегі әдебиет жайын ашық талдап айту аса қажет.

20—30-жылдары Мағжан Жұмабаев ақындығы төңірегінде, Жүсіпбек Аймауытов пен Міржақып Дулатов шығармалары, Ахмет Байтұрсыновтың ағартушылық еңбегі төңірегіндегі айтыс пікірлер, маңызды ойлар, топшылаулар болғаны зерттеу жұмыстарында айқын көрінетін болмақ. С. Сейфуллиннің «Тар жол, тайғақ кешу», «Қызыл аты», Б. Майлиннің «Раушан — коммунист», М. Әуезовтің «Қилы заманы», Ілияс Жансүгіровтың «Жолдастары», С. Мұқановтың «XX ғасырдағы қазақ әдебиеті» мен «Теміртас», «Адасқандар» романдары жайында бір-

сыпыра айтыс, сындар болғаны белгілі. Сондай-ақ ҚазАПП-тың I съезі, жаңа құрыла бастаған Жазушылар одағының I съезі әдебиет тарихындағы елеулі оқиғалар. Әдебиеттің өсу жолы, ағым, стиль, метод мәселелері 30-шы жылдар үлесі.

20—30-жылдардағы баспасөзде қазақ әдебиетінің өсу жолы туралы пікірлер болғаны белгілі. Мұндай ой-болжамдарға белсенді араласқан «Еңбекші қазақ», «Ақ жол» газеттері, «Шолпан», «Сана», «Таң» журналдары. Оның кейбір үлгілері мынадай болып келеді: «Соңғы жылдарда әдебиет туралы сөз қозғалғанда қойылған сұрауға көбінесе, қазақ әдебиеті қазір романизм дәуірінде деген жауап беріліп жүр. Көбінесе бұл жауапты ұлтшылдық бағыттағы оқығандар беріп жүр. Олар әдебиет туралы сөйлегенде романтизмді қайырылулы қаршығасындай қолына қондыра сөйлейтін болып жүр» (*Еңбекші қазақ, 1926. 9 ноябрь. Әбдірахман*). «Жазба әдебиетінің Абайдан бергі ұзақ дәуірін алғанда жолын өзгертетін жаңалық соңғы жылдарда туып келеді. Ол жаңалық жаңа басталып келе жатқан сезімшілдік, сыршылдық (романтизм) дәуірі, бұрынғы ауызша әдебиеттен, одан бергі Абай заманынан бері қарай келе жатқан нағыздық (реализм) сарыны осы күнде ішкі терең сезім, нәзік сыр күйіне айналып келеді. Мұның белгісі Мағжан Жұмабаевтың соңғы «Ертегі», «Қорқыт» сияқты өлеңдерінде бар... Сыршылдық дәуірі қай жұртта болса да, әуелгі кезінде ескі ертегі жын, пері, жалмауыз, жезтырнақ сияқты жаратылысы тұманды, қараңғы заттарды жыр қылумен басталған» (*1922—1923. Шолпан, № 4—5, Қоңыр*). «Сентиментализм, романтизм, идеализм секілді бастарындағы қиялдарын өмірге, әдебиетімізге әкеліп жапсырмақшы шығар, тексеріп көруіміз керек» (*Ақ жол, 1925, № 566, Тікен*). «Талқыға» деп жазған «Әдебиет мәселесі» деген мақаласында Жүсіпбек Аймауытов мынадай пікір айтады: «Қазақ әдебиеті қазір қандай дәуірде: күйректік (сентиментализм), сарындамалық (романтизм), санашылдық (идеализм), нағыздық (реализм) дәуірінде ме? Тұрмысқа, заманға қайсысы қатысады? Қазақ әдебиетінің орыс әдебиетінен өзгешелігі болды ма, енді бола ма?.. Қазақ әдебиетіне төңкеріс бір жағынан жалынды үмітті желдеткен үндеу кіргізсе, екінші жақтан уайым, қайғы, торығу кіргізді... Тап ақыны қазақта әзір жоқ... Қазақ жазушылары, ақындары төңке-

ріске жолдан қосылды. Бір қанаты төңкеріс рухымен суарылса, екінші қанаты ұлтшылдықпен суарылып қалған. Ұлтшылдық сезім тез заманда қала қоюы мүмкін емес. Төңкеріске, коммунизм жолына көрінеу қасақылығы жоқ болса, ұлтшыл ақындарды пайдалануға болады... Қожалық құрған, билеп-төстеген үстем таптың әдебиеті мен төменшік, әлсіз, езілген бодан ұлттың әдебиеті бір болмайды. Қазақ әдебиетінің ұлы орыс әдебиетінен айырмасы бар, әм болмақ... Әдебиет — өнер. Өнер азды-көпті еркіндікті тілейді. Қазақ әдебиеті көгерсін, гүлденсін десек, жалаң тап көзімен, не саясат көзімен қарап сыңар-жақ кетпей, Маркс көзімен (диалектика әдісін қолданып) сынау керек. Маркс көзі тар емес, кең... Алдындағыны емес, алысты болжайтын қырағы көз...» (*Ақ жол, 1925. 1 апрель*). Осы мақалаға жауап ретінде Сәрсембіұлы Жәкен деген былай дейді: «Қазақ еліне бұл төңкеріс өз тарихы тудырмаған жат төңкеріс еді. Сондықтан төңкерістен кейін қазақтың ақын-жазушылыққа талаптанғандары келе жатқан бетінде кез келгенді ағызып кете беретін тасқын судай төңкерістің табиғи заңымен кетті. Осы секілді қара бұқарасын былай тастап төтеден төте пролетариат әдебиетін орнатамыз деген ағым орыс әдебиетшілерінде де болды. Бұл төңкерістің алғашқы кезінде еді, әлі де бар... Қазақта төңкерісшіл, тапшыл жазушылар әзірге жоқ... Қазақ ақындары, жазушылары төңкеріске жолдан қосылған киімшең ақындар. Өйткені төңкеріс біздің өз ішімізде басталып, біздің жазушыларымызды қолынан тәрбиелеген жоқ. Біз түгіл бұрыннан өз ішінде тамырын жайып, бойы өсіп, бұғанасы қатып келген төңкеріс өзінен кейінгі орыс жазушыларын да өзінің бел баласы қылып шығара алмай келеді» (*Ақ жол, 1925. 10 апрель. «Әдебиет мәселесі туралы» деген мақала*).

Осы сипаттас мақала, пікірлер өте көп. Бәрі де сол тұстағы әдебиет жайынан терең әңгіме қозғайды, болжамдарын айтады. Жоғарыдағы Жүсіпбек Аймауытов пікіріне Ғаббас Тоғжанов «Еңбекші қазақ» газетінің сол, 1925 жылғы 22 октябріндегі санында біраз пікірталас жасапты. Мақаланың аты «Көркем әдебиет туралы марксшілдер не дейді, Жүсіпбек не дейді?» Әдебиеттің белгілі бір тап мүддесін жақтайтыны туралы Л. Троцкийден, А. Луначарскийден пікірлер келтіреді де, әрі қарай Ғаббас Тоғжанов былай деп жазады: «Өнер (оның

ішінде көркем әдебиет те бар) дегеніміз қашанда болса да, белгілі бір таптың ойын, сезімін көрсетеді. Белгілі бір таптың көзқарасын (тілегін) білдіреді... қазақтың надан екені рас. Қазақ еңбекшілерінің тап сезімі жаңада оянып келе жатқаны да рас. Бірақ мұның бәрі надан қазаққа надан марксшіл болуды міндет қылмайды... Байкедей бір болмаса, қазақта тап ақыны да жоқ деуге болмайды. Байкедей бар тұрмыста ақын да осы тұрмыстан құрық алып кетпейді». Әрі қарай Ахмет Байтұрсынұв еңбегін жоғары бағалайды да, «Абай, Ахмет сықылды өз тұсында ие болған тарихи адамдарын қазақ еңбекшілері сыйламақ» деп түйеді. Ғаббас Тоғжанов келесі «Мағжан совет тұсында» деген мақаласында ақынға біраз сындар айтады (*Еңбекші қазақ, 1925. 19 ноябрь*).

Қалай айтылса да, 20-жылдарда біраз пікір бостандығы болғанын көреміз. Ұлттық әдебиет пен мәдениетке, көркемөнерге жаны ашыған интеллигенция өз ой-топшылауларын көпшілік талқысына салып отырған.

Бұл кезеңде бірте-бірте әдебиет шеңберін тарылтып, құрсау бола бастаған қағидалар: таптық қисын, идеологиялық, партиялық мазмұн-талап, кейін, 30-жылдар басынан билеп-төстеген социалистік реализм. Мұның бәрі айналып келгенде ақыл-ойдың бәрін революция ісіне бағындырып, халық санасын тырп еткізбей бір тізгінде ұстау талабынан шыққаны анық. Әрі-беріден соң көркемөнерге де, көркемсөзге де нөқта салынып, тек бірыңғай, бірөңкей сарында үн шығарсын деген бұйрық, жарлық. Өйткені, басқаша үн, бағыт революция идеясын әлсіретеді, оның түпкі, пролетарлық мақсатына нұқсан келтіреді деп ұғылды. Сонан барып әдебиет пен өнер өзінің бүкіл адамзаттық, бүкіл дүниежүзілік ізгілік мән-мағынасынан айрылды.

Социалистік реализм Сталиннің кабинетінде 1932 жылы апрель айында ойлап табылған метод екен. Енді біліп отырмыз. 1932 жылдың бас кезінде РАПП ұсынған диалектикалық-материалистік методқа қарсы қойылған. ВКП(б)-ның бес адамнан құралған комиссиясы — Сталин, Каганович, Постышев, Стецкий, Гронский — көп талқылаудан кейін, РАПП айтқан диалектикалық материализм методы дегенді теріске шығарып, бірден-бір партиялық метод — социалистік реализм методын қабылдайды. «Коммунистік реализм», «пролетарлық реализм» деген ұсыныстар да болған. Бірақ олар қабылдан-

баған. Кейінгі А. Луначарский баяндамасы да осы ұйғарымнан соң жасалған. Социалистік реализмді нығайтып, бекіту үшін көптеген үгіт-насихат жұмыстары жүргізіле бастайды¹.

Мұндағы ең алдымен ескерілер жай: қай метод, әдіс болса да, қаулымен, комиссия шешімімен жарияланбайды. Бұрынғы классикалық әдебиетте классицизм, романтизм, реализм, сентиментализм, сыншыл реализм дегендер қаулымен орныққан жоқ, өнердің өз даму заңдары нәтижесінде бекіген. Ал социалистік реализм болса, қаулымен, бір адамның, яғни Сталиннің қалауымен жария етілген. Мұндай жасанды әдіске, өмірдің өзі тудырмаған әдіске қалай сенім болмақ?

Методқа негіз болған қағида В. И. Лениннің «Партиялық ұйым және партиялық әдебиет» деген еңбегі. Сталин комиссия мүшелеріне сол мақалаға сүйеніндер депті. Ал ол мақала — партияның идеологиялық позициясын нығайту үшін, партия ұйымдары үшін жазылған мақала екенін Ленин өзі ашып айтқан. Партия мүшесі уставты қалай мойындаса, әдебиеттің де партия ісіне қызмет етуін талап ету керек дейді. Кезінде В. Брюсов бұл мақалаға үзілді-кесілді қарсы болған. «Сөз бостандығы» деген мақала жазған. Әдебиет мәселесін тек партиялық шеңбермен шектеп тастауға болмайтындығын дәлелдеген. «Омар халифтың: құранды қайталайтын кітап басы артық кітап, ал құранға қарсы жазылған кітап — зиянды кітап дегені сияқты, сөз бостандығы дегеніміз социал-демократия принциптеріне лайық сөздерді ғана айту болып шығады ғой... Бұл, біздіңше, бір құрсауды жаңа құрсаумен ауыстыру бостандығы деген сөз... Бипартиялық жазушылар жойылсын, деп жар салады Ленин мырза. Демек, бипартиялық, яғни ой еркіндігі, ой бостандығы қылмыс деген сөз ғой... Біздіңше сөз бостандығы ой, пікір бостандығымен, өзгенің пікірін құрметтей білу бостандығымен тығыз байланысты. Бізге ең қымбаты ізденіс еркіндігі». В. Брюсовтың осы «Сөз бостандығы» деген мақаласы В. И. Ленин мақаласынан кейін ілешала, сол 1905 жылы-ақ «Весы» журналының он бірінші санында жарық көреді. Жазушының дұрыс болжамын енді біліп отырмыз. Бұл мақала әдейі еш жерде басылмай, ұзақ уақыт бойы жасырылып келген. Оның үстінде кейінгі ондаған жылдар ішінде жаттампаз, белсенді әде-

¹ Вопросы литературы. 1989. 82—143-бб.

биетшілер В. И. Ленин мақаласының өңін айналдырып, көсем сөзінің қашан, неге байланысты айтылғанын елемей, өктемдік құралы етіп келгенін көреміз. Өзіміз де солай түсініп, солай жазып келдік. Өйткені партиялық нұсқау солай еді.

Қазіргі шақта бұлардың бәрінен арылу қажет. Әдебиеттің өз ыркын өзіне беру керек. Рас, кейбіреулер айтуы мүмкін: социалистік реализмнің өткен елу жыл тарихында қазақ әдебиетінде сол әдіспен біраз елеулі дүниелер жазылды ғой деп. Рас, «Ботагөз» сияқты романдарды соған жатқызуға болады. Бірақ «Абай жолы» романы немесе Ш. Айтматов дүниелері социалистік реализм туындылары емес. Бұлар ауқымы онан кең, ойы терең, көркемдік құралдары да ондай қалыпқа симайтын іргелі шығармалар. М. Әуезов өзінің Жапония сапарынан қайтқанда, ондағылар «социалистік реализм деген не» деп сұрақ қойғанын, оған берген жауабын ылғи айтып отыратын. М. Әуезов: «Белгілі скульптор С. Коненков биыл «Автопортрет» деген шығармасы үшін Лениндік сыйлық алды, яғни өз портретін жасағаны үшін, социалистік реализм деген осы дедім» дейтін. Табылған жауап. Бірақ оның социалистік реализммен үш қайнаса сорпасы қосылмайтыны белгілі. Қарт мүсіншінің барлық еңбегі ескеріліп берілгені анық. Ал «Абай жолына» келсек, қаламгер өз халқының портретін жасаған. Мінезін, психологиясын, тарихын әр қырынан алып, шынайы көрсеткен.

Лениндік сыйлықты «Абай жолы» романы социалистік реализмі үшін алған жоқ, бүкіл бір халықтың энциклопедиясы сияқты терең мазмұны үшін алды. Социалистік реализмді жақтаушылар кейін бұл романға үзілді-кесілді қарсы шықты. Өз тұрғысынан олардікі дұрыс та еді. Ұрангерлер, белсенділер әдебиет майданында кезінде не істемеді, не айтпады? Социалистік реализм қағидасы әлі туып, орнығып үлгермеген кездің өзінде Сәкеннің «Қызыл аты» және «социалистік реализм» деп те жазғандар болған (М. Қаратаев). Бұл метод партияның қолындағы ұрда-жық қызыл қаруы еді. Кезінде оны білгендер болды, бірақ айтуға жарамайтын. Бұл әдіс арқылы бүкіл көркем ойдың қазынасы — қасиетті әдебиет партияның көмекшісі ғана болып келгені есте. Кешегі К. Черненкоға дейін совет әдебиеті, оның жазушылары КПСС-тың көмекшісі делініп келді. Бет шімірікпестен үлкен басшы да, кіші басшы да осылай жар салды. Ол неғылған көмек-

ші, неге көмекші? Бір партияның ғана жыртысын жыртып, соның аясынан шықпайтын әдебиет не әдебиет, ол партияның жандайшап үгітшісі ме, насихатшысы ма? Ежелгі, соңғы, қазіргі замандағы адам проблемасын қозғайтын қасиетті әдебиет неге бір партияның ғана шылауында жүруі керек? Коммунистік ілім бірден-бір дұрыс ілім болғанның өзінде, ол көптеген басқа да өмірлік хұқысы бар ілім-ізденістердің біреуі ғана емес пе? Дүние жүзіндегі көпшілік халық оны қолдамай, ол ілімге әлі ермей отырғанын айтпай-ақ қоялық! Әдебиет өзінің классикалық мағынасында, әрине, ешбір партияның құшағына сыймайды. Ал бірнеше партия әдебиет ауқымына сыйып кетуі мүмкін. Өйткені әдебиет бүкіл адам баласындық, бүкіл адамзаттық дүние. Партия болса, белгілі идеологияның тобы, жиынтығы ғана.

Партиялық әдебиет, социалистік реализм әдебиеті дегендер енді ертегі ретінде ғана ұғылады. Басқа амал жоқ. Әуел туғаннан табиғи жаратылыс заңынан аулақ, жасанды дүние болған соң, оның өмірі де ұзақ болуы мүмкін емес-ті. Апын ішкендей мең-зең қылған қағидадан әдебиет айығар, тұман ашылар деген үмітке сену керек. Философ Гегель айтқан сөз бар екен: «Истина рождается как ересь и умирает как предрассудок» деп. Осы сөзде көп мән жатыр.

Әдебиеттің сөз өнері екенін терең ұғынбай, ол жайында пайымды, білімді пікір айту мүмкін емес. 20—30-жылдар ғана емес, күні кешеге дейін идеологиялық шолақ, қасаң түсініктен арыла алмай келгеніміз анық. Қазір қарап отырсақ, көркем әдебиет қуанарлық та, өкінерлік те халде. Қуантатыны әдебиет шын мағынасында бостандық алды. Өзінің табиғи арнасына түскендей. Әуелден солай болатын дүние еді. Бірақ оған басымыздан өткен жоғарыдағы саяси, идеологиялық, қоғамдық тәртіп ырық бермеді, оңға да, солға да бұрғызбай, тек партиялық, таптық мүддеден шықпа деген бұйрықпен күн өткізді. Бұл өкінерлік жағы, мүшкіл хал.

Ендігі байқап отырғанымыз жаңа мақсатта көркем әдебиеттің өз жаралымына сай дүние туғызу. Бір сүрең жолмен, социалистік реализм талабымен жүріп қалған әдебиет қайтадан тың жолға, өзінің табиғи жолына түсіп, шын мағынасындағы «адам тану» ізгі мақсатына оралуы қажет. Мұндай шығармалар бұрын да болған. Бірақ талант психологиясын сол шылбыр тежеп келген-